

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒARTY МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
"КӨЛІК КОЛЛЕДЖІ" КМҚК

БЕКІТЕМІН
Колледж директоры
Нугымаров А.С.
«19» 04. 2025 жыл



ТЕОРИЯЛЫҚ ОҚЫТУДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ
ЖУРНАЛЫН ЖҮРГІЗУ ЕРЕЖЕСІ

1. Журнал теориялық оқытуды есепке алудың және топтағы оқу-тәрбие жұмысының қорытындысын шығарудың негізгі құжаты болып табылады.
2. Журналды оқытушылар бір оқу тобына жүргізеді және бір оқу жылына арналған.
3. Титулдық бетті толтыру (қатты мұқаба) орыс немесе қазақ тілдерінде толтырылады (топтың оқыту тіліне байланысты), оқыту курсы рим цифрымен қойылады, біліктілік – орыс немесе қазақ тілдерінде толтырылады. Мамандық шифры және біліктілік шифры көрсетіледі.
4. Журналдың нөмірленуі титул парағынан басталады. Титул парағы нөмірлеуге кіреді, бірақ оған 1 саны қойылмайды, беттерді нөмірлеу 2 санынан басталады және "Журналды жүргізу ережелері" парағына қойылады. Беттердің нөмірленуі жоғарғы оң жақ бұрышқа қойылады.
5. Мазмұны:
 - модуль индексі - мамандық бойынша жұмыс жоспарына сәйкес толтырылады;
 - пәннің және/немесе модульдің атауы топтың оқыту тіліне сәйкес орыс немесе қазақ тілінде жазылады, пәннің немесе модульдің толық атауы бір бағанға орналастырылады;
 - оқытушының тегі, аты, әкесінің аты және аты-жөні бір бағанға жазылады;
 - "Беттер" бағаны жұмыс жоспары бойынша сағат көлеміне сәйкес толтырылады:
6. 5.1 нысаны
 - оқу жылына арналған іске асырылатын модельдер туралы мәліметтер мамандық бойынша жұмыс жоспарына сәйкес толтырылады.
7. Топтағы білім алушылар туралы мәліметтер (5.2 нысаны):
 - Т.А.Ә. – толық жазылады;
 - Туған күні, айы, жылы жеке куәлікке және / немесе туу туралы куәлікке сәйкес толтырылады (11.12.2008);
 - нөмір әліпбилік кітап бойынша (А-122);
 - Қабылдау туралы бұйрықтың күні және № (128-С 31.08.2022)
 - «Үйінің мекенжайы" бағанында оқушының ата-анасы немесе оларды алмастыратын адамдар тұратын мекенжай көрсетіледі.
 - телефон – ұялы;
 - контингенттің қозғалысы - студенттің қозғалысы туралы бұйрық көрсетіледі;
 - қосымша мәліметтерде: ДКК анықтамасы, тегін өзгерту туралы бұйрықтың нөмірі мен күні көрсетіліп толтырылады;
 - топ жетекшісі – аты-жөні толықтай көрсетіледі.
8. 5.3 нысаны
 - модуль индексі - мамандық бойынша жұмыс жоспарына сәйкес толтырылады;
 - пәннің және/немесе модульдің атауы топтың оқыту тіліне сәйкес бас әріппен жазылады;
 - оқытушының деректері: тегі, аты, әкесінің аты (жеке куәлігі бойынша) орыс және қазақ тілдерінде толық толтырылады;
 - оқушылар - тегі мен инициалы жазылады;
 - сол жақта тігінен күні мен айы жазылады (жоғарыдан төмен - алдымен күні содан кейін айы – 02.09.);
 - оң жақта - сабақты өткізу күні - күні, айы, жылы - 02.09.18;
 - "Оқу сағаттарының саны" бағанында - 2 жазылады;
 - сабақ тақырыбы 2 жолдан аспайды;
 - "Не берілді?" бағанында пән және/немесе модуль бойынша жұмыс жоспарына сәйкес үй тапсырмасының мазмұны жазылды;
 - "Оқытушының қолы" бағанында сабақ тақырыбын екі жолға жазу кезінде соңғы жолға қол қою;

- Білім алушы болмаған жағдайда (дәлелді / дәлелді емес себептермен) тиісті күнге "ж" қойылады;
 - "ж " өтелуі тиіс, білім алушылар барлық "ж" өтелгеннен кейін аттестациялық және/немесе семестрлік баға алады;
 - аттестаттауды кою кезінде (16 сағаттан кейін - 8 жұп және айдың соңында, міндетті үш және одан да көп бағамен) - А жазылады;
 - семестрлік баға семестр аяқталғаннан кейін қойылады (I, II) "С" деп жазылады;
 - модуль бойынша бетті жүргізу кезінде аттестаттау және/немесе семестрлік бағаны бір айда және/немесе семестрде соңғы сабақты өткізген оқытушы (модуль бойынша барлық пәндердің бағаларын ескере отырып) қояды;
 - оқу жылындағы пәнді зерделеудің толық курсын аяқтағаннан кейін және семестрлік баға қойылғаннан кейін жылдық баға қойылады.
9. 5.4 нысаны. Білім алушыларды медициналық тексеру нәтижелері
- топтағы оқушылардың тізімі - тегі мен инициалы;
 - Тексеру күні.
 - медициналық тексеру нәтижелері бойынша медициналық топ (негізгі, дайындық, арнайы).
10. 5.5 нысаны. Оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы
- Жарты жылдықтағы (семестрдегі) және оқу жылындағы үлгерімді бағалау, сондай-ақ оқу жоспарларының орындалуы туралы мәліметтерді оқытушылар "Оқу-тәрбие жұмысының қорытындылары" беттеріне енгізеді. Өндірістік оқыту бойынша бағаларды осы беттерде топ шебері (техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында) қояды;
 - топ оқушыларының тізімі - тегі және инициалы;
 - «Өндірістік оқыту» бағанында - 3-4 курсқа баға қойылады (бітіретін топтар) - өндірістік, кәсіптік практика, 2 курсқа - таныстыру, кәсіптік практика және т.б.;
 - "Модуль индексі" бағаны - мамандық бойынша жұмыс жоспарына сәйкес пәннің және/немесе модульдің атауы толтырылады;
 - «Пәннің атауы» бағанында берілген курста меңгерілетін барлық пәндер (қазақ тілі, математика, биология, география) мен оқу практикасы жазылады;
 - "Жарты жылдық семестр, семестр" - пән және/немесе модуль бойынша семестрлік баға қойылады. Егер пән және/немесе модуль мамандық бойынша жұмыс оқу жоспарына сәйкес тек бір семестр (I немесе II) меңгерілсе, семестрлік баға "Жылдық сынақ бағасы" бағанына көшіріледі. Егер пән және / немесе модуль мамандық бойынша жұмыс жоспарына сәйкес екі семестр меңгерілсе " Жылдық сынақ бағасы" бағанында 1 және 2 семестрлер үшін орташа семестрлік баға қойылады.
 - Егер пән және/немесе модуль бойынша жұмыс оқу жоспарына сәйкес емтихан көзделсе, емтихан үшін баға "Емтихан" бағанына қойылады.
11. 5.6 нысаны.
- Теориялық оқыту бойынша әрбір білім алушының өткізіп алған сағаттарының жалпы санын топ басшысы топ шеберімен бірлесіп қояды.
12. Білім алушылардың тектерін журнал тізімдеріне енгізу, сондай-ақ журнал тізімдерінен тектерін алып тастау (сызып тастау) директордың тиісті бұйрығынан кейін ғана білім алушының тегіне қарсы орында бұйрықтың нөмірі мен күнін көрсете отырып, оқу бөлімі жүргізеді.
13. Журналдағы барлық жазбалар бір түсті пастамен анық, ұқыпты жүргізіледі.
14. Журналдың жүргізілуін бақылауды директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары және бөлім меңгерушілері жүзеге асырады. Ескертулер мен ұсыныстарды олар журналдың соңындағы тиісті параққа жазады.